Кір жуғыш-кептіргіш машина сипаттамасы және жуу циклын бастау, 16-17
Басқару тақтасы
Индикатор шамдары
Жуу циклын бастау

Жуу циклдары, 18
Жуу циклдарының кестесі

Жекешелендіру, 19
Температураны орнату
Сығу жылдамдығын таңдау
Функциялар

Жуғыш заттар мен кірлер, 20
Жуғыш зат тартпасы
Кірлерді дайындау
Арнайы күтімді қажет ететін киімдер
Жүкті теңестіру жүйесі

Сақтандырулар мен кеңестер, 21
Жалпы қауіпсіздік
Қоқысқа тастау
Сақтау және тасымалдау шарттары

Күтім және пайдалану, 22
Су мен токты өшіру
Кір жуғыш машинаны тазалау
Жуғыш зат тартпасын тазалау
Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету
Сорғыны тазалау
Судың кіріс түтігін тексеру

Ақаулықтарды жою, 23

Қызмет көрсету, 24

Hotpoint ARISTON

Орнату

KZ


! Бұл нұсқаулықты кейін қарау үшін жоғалып қалмайтындай бір жерге сақтап қою керек. Кір жуғыш-кептіргіш машина сатылса, тасымалданса немесе көшірілсе, нұсқаулық құрылғымен бірге болатынын қамтамасыз етіңіз, солайша жаңа иесі оның жұмысы мен мүмкіндіктерімен танысады.

! Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: оның ішінде құрылғыны қауіпсіз орнату және қолдану туралы маңызды ақпараттар қамтылған.

Қаптамадан алу және түзулеу

Қаптамадан алу

1. Кір жуғыш-кептіргіш машинаны қаптамасынан алыңыз.
2. Тасымалдау барысында кір жуғыш-кептіргіш машина зақымдалмағанын тексеріңіз. Ол зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз және орнату үдерісін тоқтатыңыз.




3. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандасын (тасымалдау кезінде қолданылады) және тиісті төсемі бар резеңке тығырықты алып тастаңыз (*суретті қараңыз*).

4. Тесіктерді бірге берілген пластикалық тығындармен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерді сақтап қойыңыз: кір жуғыш-кептіргіш машина басқа жерге тасымалданатын болса, олар керек болады.
! Қаптама материалдарын балалардың ойыншығы ретінде қолдануға болмайды.
! Ораушы және жеке оның элементтері азықпен байланысу үшін арналмаған.

Түзулеу

1. Кір жуғыш-кептіргіш машинаны қабырғаға, жиһазға, шкафқа немесе басқа кез келген затқа сүйемей, тегіс әрі қалыпты еденге орнатыңыз.




2. Еден түзу болмаса, алдыңғы аяқтарды қатайту немесе босату арқылы құрылғыны түзулеңіз (*суретті қараңыз*); құрылғының үстіңгі жағымен салыстырып өлшенген еңкею бұрышы 2°-тан аспауы керек.


Құрылғы дұрыс түзулеу оған тұрақтылық береді, діріл дөу мен шамадан тыс шуылдың болмауына көмектеседі және жұмыс істеген кезде қозғалуына жол бермейді. Кір жуғыш-кептіргіш машина кілемге немесе кілемшеге қойылса, аяқтарын оның астында вентиляция үшін жеткілікті орын болатындай реттеу керек.

Ток пен суды қосу

Судың кіріс түтігін жалғау



1. А фитингін кіріс түтігінің шетіне салып, түтікті суық су шүмегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз).
Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз



2. Кіріс түтігін кір жуғыш-кептіргіш машинаның артқы жағының жоғарғы оң жағында орналасқан тиісті су кірісіне бұрап жалғаңыз *(суретті қараңыз)*.

3. Түтік бүктелмегеніне немесе майыстырылмағанына көз жеткізіңіз.

! Шүмектегі су қысымы Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген мәндер аралығында *болуы тиіс (келесі бетті қараңыз).*


! Кіріс түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, мамандырылған дүкенге немесе куәландырылған маманға хабарласыңыз.

! Бұрын қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.


! Құрылғымен бірге берілген түтіктерді қолданыңыз.

KZ

Ағызу түтігін жалғау



Ағызу түтігін майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз;



немесе, оны ваннаға салып, берілген түтікті шүмекке бекітіңіз (*суретті қараңыз*). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

Электр қосылымдары

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы заңды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына төзімді *(жанындағы ақпаратты қараңыз);*
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында *(жанындағы ақпаратты қараңыз);*
- розетка кір жуғыш-кептіргіш машинаның айырына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш-кептіргіш машинаны сыртта орнатпау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боран және басқа да ауа-райы жағдайларында қалдыру аса қауіпті.

! Кір жуғыш-кептіргіш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.

! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Ток сымын тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.

Ескерту! Осы ережелер сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

Бірінші жуу циклы


Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, "Өзін-өзі тазалау" жуу циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз *(«Кір жуғыш машинаны тазалау»).*

Техникалық деректері	
Үлгі	VML 7082
Өлшемдері	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 54 см
Сыйымдылығы	1 - 7 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең төмен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 48 литр
Айналдыру жылдамдығы	800 айналым/мин мәніне дейін
Қуатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес: EN 60456	4 бағдарламасы; температура 60°C; 7 кг жүкті қолдана отырып.
CE	Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108/EC (Электр магниттік үйлесімділік) - 2006/95/EC (Төмен кернеу) - 2012/19/EU (WEEE)

Кір жуғыш-кептіргіш машина сипаттамасы және жуу циклын бастау

KZ

Басқару тақтасы



Жуғыш зат тартпасы:жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды енгізу үшін пайдаланылады (*«Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз*).

ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі: кір жуғыш-кептіргіш машинаны қосады және өшіреді.

ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасы: жуу циклдарын бағдарламалайды. Жуу циклы барысында тұтқа қозғалмайды.

Индикатор шамдары бар **ФУНКЦИЯ** түймелері: бар функцияларды таңдау үшін қолданылады. Таңдалған функцияға сәйкес келетін индикатор шамы жанып тұрады.

ТЕМПЕРАТУРА тұтқасы: температураны немесе суық жуу циклын орнатады (*«Жекешелендіру» тарауын қараңыз*).

СЫҒУ түймесі: сығу циклын азайту немесе толығымен алып тастау үшін басыңыз.

ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ/ КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ индикатор шамдары: жуу циклының орындалуын бақылау үшін қолданылады. Жанған индикатор шамы қай кезең орындалып жатқанын білдіреді.
«Кешіктіру таймері» функциясы орнатылған болса, жуу циклының басталуына қалған уақыт көрсетіледі *(келесі бетті қараңыз).*

ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы: есікті ашуға болатынын не болмайтынын білдіреді *(келесі бетті қараңыз)*.

Индикатор шамы бар **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ** түймесі: жуу циклдарын бастайды немесе уақытша тоқтатып қояды.
Ескертпе: Орындалып жатқан жуу циклын тоқтатып қою үшін осы түймені басыңыз; тиісті индикатор шамы қызғылт сары түспен жыпылықтайды, ал ағымдағы жуу циклының кезеңіне сәйкес келетін индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады. Егер ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ h индикатор шамы өшсе, есікті ашуға болады (3 минуттай күтесіз).
Жуу циклын тоқтатылған жерінен бастау үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.


Күту режимі
Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

KZ


Индикатор шамдары

Индикатор шамдары маңызды ақпаратты береді. Олар мына жағдайларды білдіруі мүмкін:

Кешіктіріп бастау
КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ функциясы қосылған болса (*«Жекешелендіру» тарауын қараңыз*), жуу циклы басталғаннан кейін таңдалған кешіктіру мерзіміне сәйкес келетін индикатор шамы жыпылықтай бастайды:



Уақыт өте, қалған кешіктіру уақыты көрсетіледі және тиісті индикатор шамы жыпылықтайды:



Орнатылған кешіктіру уақыты өткеннен кейін, жыпылықтаған индикатор шамы сөнеді де, таңдалған жуу циклы басталады.

Жуу циклы кезеңінің индикатор шамдары
Қажетті жуу циклы таңдалып, басталғаннан кейін, индикатор шамдары бірінен кейін бірі жанып, циклдың қай кезеңі орындалып жатқанын білдіреді.

Жуу
Шаю
Сығу
Суды ағызу
Жуу циклының соңы — END

Функция түймелері және оларға сәйкес келетін индикатор шамдары
Функция таңдалған кезде, оған сәйкес келетін индикатор шамы жанады.
Егер таңдалған қосымша функция таңдалған бағдарламаға сай келмесе, тиәсті индикатор жыпылықтап, дыбыс сигналы қосылады (3 рет), функция қосылмайды.
Бұрын таңдалған функциямен үйлесімді емес функция таңдалса, тек ең соңғы таңдау белсенді болады.

Есік құлыптаулы индикатор шамы
Бұл индикатор шамы жанса, демек кездейсоқ ашылуға жол бермеу үшін құрылғы есігі құлыпталған; кез келген зақымды болдырмау үшін, құрылғы есігін ашпас бұрын индикатор шамының сөнуін күтіңізү (3 минуттай күтесіз).
Ескертпе: КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ функциясы іске қосылған болса, есікті ашу мүмкін болмайды; оны ашу керек болса, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басу арқылы құрылғыны тоқтатып қойыңыз.

! БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы (қызғылт сары) функцияның индикатор шамымен бірге жылдам жыпылықтап тұрса, демек ақаулық орын алған (*«Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз*).

Жуу циклын бастау

1. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық индикатор шамдары бірнеше секундқа жанады, одан кейін таңдалған бағдарлама параметрлеріне қатысты индикатор шамдары жанып тұрады, ал БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы жыпылықтайды.
2. Кірлерді салып, есікті жабыңыз.
3. ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасын қажетті бағдарламаға орнатыңыз.
4. Жуу температурасын орнатыңыз (*«Жекешелендіру» тарауын қараңыз*).
5. Сығу жылдамдығын беріңіз *(«Жекешелендіру» тарауын қараңыз).*
6. Жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды өлшеңіз (*«Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз*).
7. Қажетті функцияларды таңдаңыз.
8. Жуу циклын БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басу арқылы бастаңыз, сонда тиісті индикатор шамы қалыпты түрде жасыл түспен жанып тұрады. Орнатылған жуу циклын доғару үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басу арқылы құрылғыны тоқтатып қойыңыз да, жаңа циклды таңдаңыз.
9. Жуу циклының соңында END индикатор шамы жанады. ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы сөнеді, яғни есікті ашуға болады. Кірлерді шығарып, барабан толығымен кебуі үшін құрылғы есігін сәл ашық қалдырыңыз. ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басу арқылы кір жуғыш-кептіргіш машинаны өшіріңіз (3 минуттай күтесіз).

Жуу циклдары

KZ

Жуу циклдарының кестесі

Жуу циклдары	Жуу циклының сипаттамасы	Ең жоғ. темп. (°C)	Ең жоғ. жылдамдық (айн/мин)	Жуғыш заттар				Ең жоғ. жүк (кг)	Цикл мерзімі
				Алдын-ала жуу	Негізгі жуу	Ағартқыш	Мата кондиционері		
	Ақылды циклдар								
1	**Даққа қарсы**	40°	800	-	●	-	●	4	180’
2	**Ақ киімдер**	60°	800	-	●	-	●	4	190’
3	**Алдын ала жууы бар Мақта циклы:** өте қатты кірленген ақ киімдер.	90°	800	●	●	-	●	7	185’
4	**Ақ мақта заттар (1):** қатты ластанған ақ заттар мен төзімді түрлі түсті кірлер.	60° (Max. 90°)	800	-	●	●	●	7	190’
5	**Ақ мақта заттар (2):** қатты ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	800	-	●	●	●	7	180’
6	**Синтетика:** қатты ластанған төзімді түрлі түсті кірлер.	60°	800	-	●	●	●	3,5	110’
	Арнайы циклдар								
7	**Антиаллергиялық**	60°	800	-	●	●	●	4	200’
8	**Сәби циклы**	40°	800	-	●	●	●	4	160’
9	**Жүн:** жүн, кашемир және т.б. үшін.	40°	800	-	●	-	●	1,5	80’
10	**Нәзік киімдер**	30°	0	-	●	-	●	1	75’
11	**Аралас 60’:** аз ластанған киімдерді жылдам жуып алу үшін (жүннен немесе жібектен жасалған және қолмен жууды қажет ететін киімдер үшін жарамайды).	60°	800	-	●	-	●	3,5	60’
	Эко циклдар								
12	**мақта**	Суық су	800	-	●	-	●	7	105’
13	**Синтетика**	Суық су	800	-	●	-	●	3	75’
14	**Аралас 30’**	Суық су	800	-	●	-	●	3	30’
	Толық емес циклдар								
	Шаю	-	800	-	-	-	●	7	49’
	Сығу + Ағызу	-	800	-	-	-	-	7	10’
	Тек ағызу *	-	⊘	-	-	-	-	7	3’

***** **бағдарламасын таңдап, сығу циклын алып тастасаңыз, құрылғы сықпай, тек суды ағызады.**

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жуктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық сынақ мекемелері үшін:
1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексеріңіз: 4 жуу циклын 60°C температурасымен таңдаңыз.
2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: 5 жуу циклын 40 температурасымен таңдаңыз.

Даққа қарсы: Бұл бағдарлама төзімді түстері бар қатты ластанған киімдер үшін **1** қолайлы. Ол стандартты сыныптан жоғары жуу сынығын қамтамасыз етеді (A деңгейі). Бағдарламаны іске қосқан кезде түстері әртүрлі киімдерді араластырмаңыз. Ұнтақ жуғыш затты қолданған абзал. Кетпей қоятын дақтар бар болса арнайы қосымша заттармен алдын ала өңдеген жөн.
Ақ киімдер: бұл циклды ақ киімдерді жуу үшін **2** қолданыңыз. Бағдарлама ақ киімдердің ашықтығын сақтау үшін арналған. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін ұнтақ жуғыш затты пайдаланыңыз.
Антиаллергиялық: Тозаң, кенелер немесе мысық пен ит жүні сияқты негізгі аллергендерді жою үшін **7** бағдарламасын қолданыңыз.
Сәби циклы: Бұл жуу циклын сәбилердің нәзік терісі аллергиялық реакция бермеуі үшін жаялықтардан барлық жуғыш зат қалдықтары шығарылатынын қамтамасыз ете отырып, сәбилердің киімінде әдетте болатын ластануды жою үшін қолданылады. Цикл **8** суды көбірек мөлшерде қолдану және жуғыш затқа қосылған арнайы зарарсыздандырғыш қоспалардың әсерін оңтайландыру арқылы бактериялар мөлшерін азайту үшін жасалған.

Эко циклдар
Эко циклдар суды жылытуды қажет етпей қуат үнемдеуді қамтамасыз етеді, ал бұл ток шоттарыңызға және қоршаған ортаға пайдалы болады. Бұл инновациялық Эко бағдарламаларын (Мақта **12**, Синтетика **13**, Аралас 30' **14**) әртүрлі маталар мен киімдердің әртүрлі мөлшеріне қолдануға болады; олар тіпті төмен температурада жақсы тазалауға кепілдік беруге арналған және оларды аздан орташа деңгейге дейін кірленген заттарға пайдалануға болады. Эко циклдар қарқынды жуу әрекеттерінің, суды үнемдеудің арқасында ең жақсы нәтижеге қол жеткізеді және стандартты циклдың орташа уақытында орындалады. Эко циклдармен ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты қолданған абзал.

Температураны орнату

Жуу температурасын орнату үшін ТЕМПЕРАТУРА тұтқасын бұрыңыз (*Жуу циклдарының кестесін қараңыз*).
Температураны азайтуға немесе тіпті суық жууды орнатуға болады (✳).
Кір жуғыш-кептіргіш машина әрбір жуу циклы үшін орнатылған ең көп мәннен жоғары температураны таңдауға автоматты түрде кедергі жасайды.
! Қиыс жағдай 4 бағдарламасы таңдалса, температураны 90°C-қа дейін көтеруге болады.

Сығу жылдамдығын таңдау

Таңдалып алынған программаның сығу жылдамдығын таңдау СЫҒУ жылдамдығын реттегіштің көмегімен жүргізіледі. Әр түрлі программалар үшін сығудың әр түрлі максималды жылдамдығы қарастырылған.

Программалар	**Сығудың максималды жылдамдығы**
Мақта	минутына 800 айналым
Синтетикалық маталар	минутына 800 айналым
Жүн	минутына 800 айналым
Жібек	Сығусыз

Сығу жылдамдығы төмендетілуі мүмкін немесе реттегішті ⊘. қалпына бұрағанда мүлде тоқтатылуы мүмкін.
Машина әрбір программа үшін көзделген максималды жылдамдықтан артық жылдамдыққа автоматты түрде жібермейді.

Функциялар

Осы кір жуғыш-кептіргіш машинадағы әртүрлі жуу функциялары әрдайым қажетті нәтижелерге жетуге көмектеседі.
Функцияларды іске қосу үшін:
1. Қажетті функцияға сәйкес келетін түймені басыңыз;
2. тиісті индикатор шамы жанғанда функция қосылады.

Ескертпе:

- Егер таңдалған қосымша функция таңдалған бағдарламаға сай келмесе, тиәсті индикатор жыпылықтап, дыбыс сигналы қосылады (3 рет), функция қосылмайды.
- Бұрын таңдалған функциямен үйлесімді емес функция таңдалса, тек ең соңғы таңдау белсенді болады.

Супер кір жуу
Циклдің басында көп мөлшерде кірді және ұзақ уақыт пайдалану арқылы функция оңтайлы кір жууды қамтамасыз етеді. Бұл функция қиын дақтарды кетіру үшін қажет. Қосымша **4**-мөлшерлеуішті **1**-мөлшерлеуішке қойыңыз. Ағартқыш қойылғанда стерженнің ортасында көрсетілген ең жоғарғы деңгейден асырмаңыз *(20-беттегі кестені қараңыз)*.

Жеңіл үтіктеу
Бұл функцияны таңдағанда матаның умаждалу дәрежесі төмендейді. Циул аяқталғанда машина барабанды баяу айналдырады. ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ және БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ опцияларының индикаторлары жанып-өше бастайды (қызыл сары түс), «end» фазасының индикаторы тұрақты жанып тұрады. Циклді аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ батырмасын немесе ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ батырмасын басыңыз.

Жылдам кір жуу
Бұл опция таңдалса, жуу циклының мерзімі таңдалған циклға байланысты 50%-ға дейін азаяды, солайша бір уақытта су мен қуат үнемделеді. Бұл циклды аз кірленген киімдер үшін қолданыңыз.

Кешіктіру таймері
Бұл таймер жуу циклының басталу уақытын 12 сағатқа дейін кешіктіреді.
Қажетті кешіктіру уақытына сәйкес келетін индикатор шамы жанғанша түймені қайта-қайта басыңыз. Түйме бесінші рет басылғанда, функция өшіріледі.
Ескертпе: БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылғаннан кейін, кешіктіру уақытын өзгерту керек болса, оны тек азайтуға болады.


Жуғыш заттар мен кірлер

KZ

Жуғыш зат тартпасы

Ойдағыдай жуу нәтижесіне қол жеткізу жуғыш заттың дұрыс мөлшеріне де байланысты болады: тым көп жуғыш зат қосылса, жуу міндетті түрде тиімдірек болмайды және шынында құрылғы ішінде қалдықтардың түзілуіне және қоршаған ортаны ластауға әкелуі мүмкін.

! Қолмен жууға арналған жуғыш заттарды қолданбаңыз;; олар тым көп көбік түзеді.



Жуғыш зат тартпасын ашып, жуғыш затты немесе жуғыш қосындыны төмендегідей салыңыз.

1-бөлік: Алдын-ала жууға арналған жуғыш зат (ұнтақ)
Жуғыш затты салмас бұрын, қосымша 4-бөлік алынғанына көз жеткізіңіз.
2-бөлік: Жуғыш зат (ұнтақ немесе сұйық)
Сұйық жуғыш зат пайдаланылса, дұрыс мөлшерлеу үшін ауыстырмалы пластикалық **A** өлшеу бөлігін қолданған жөн.
Ұнтақ жуғыш зат пайдаланылса, бөлікті **B** ұясына қойыңыз.
3-бөлік: Қосындылар (кондиционерлер және т.б.)
Кондиционер белгіден асып кетпеуі керек.
Қосымша 4-бөлік: Ағартқыш

Кірлерді дайындау

- Кірлерді мына жағдайларға байланысты бөліңіз:
  - мата түрі/жапсырмадағы таңба
  - түстер: түрлі-түсті киімдерді ақ киімдерден бөліңіз.
- Қалталарды босатып, түймелерді тексеріңіз.
- *«Жуу циклдарының кестесі»* атты кестедегі мәндерден асырып жібермеңіз, онда кірлердің құрғақ кездегі салмағы берілген.

Кірлердің салмағы қандай?
1 ақжайма 400-500 г
1 жастыққап 150-200 г
1 асжаулық 400-500 г
1 монша халаты 900-1200 г
1 орамал 150-250 г

Арнайы күтімді қажет ететін киімдер

Жүн - *Woolmark Apparel Care - Green:*
Осы құрылғының «Жүн» жуу циклы киім жапсырмасындағы нұсқауларды және осы кір жуғыш машина өндірушісінің нұсқауларын орындау шартымен, The Woolmark Company тарапынан «қолмен жуу» деп белгіленген жүн киімдерін жууға расталған. (M1253)



Нәзік киімдер: Асыл тас немесе жарқылдақтар тігілген өте нәзік киімдерді жуу үшін **10** бағдарламасын қолданыңыз.
1Жібек киімдерді және перделерді жуу үшін **10** циклын, одан кейін «Жеңіл үтіктеу» опциясын таңдаңыз; құрылғы циклды кірлер әлі суға салынып тұрғанда аяқтайды және «Оңай үтіктеу» индикатор шамы жыпылықтап тұрады. Кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін немесе «Жеңіл үтіктеу» түймесін басыңыз.
Жуудан бұрын киімдердің ішін сыртқа қарату және кіші заттарды арнайы нәзік киімдерді жууға арналған сөмкеге салу жөн. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш затты пайдаланыңыз.

Жүкті теңестіру жүйесі

Кірді әрбір сығар алдында шектен тыс діріл болмас үшін машина барабандағы бұйымдарды бір қалыпты етіп бөледі. Бұл барабанның кір жуу жылдамдығынан шамалы артатын жылдамдықпен үздіксіз айналуы есебенен жүргізіледі.
Егер бірнеше рет әрекет еткеннен кейін кір бұйым бір қалыпты болып таралмаса, машина сығуды төмен жылдамдықпен жүргізеді.

Сақтандырулар мен кеңестер

Hotpoint ARISTON

KZ

! Бұл кір жуғыш машина халықаралық қауіпсіздік ережелеріне сай өңделіп шығарылған. Төмендегі ақпарат қауіпсіздік ережелерін ескерту мақсатында берілген және оны мұқият оқып шығу қажет.

Жалпы қауіпсіздік

- Бұл құрылғы қауіпсіздіктеріне жауапты адам құрылғыны қолдану бойынша кеңес не нұсқау бермеген жағдайда, дене, сезіну немесе ой қабілеті төмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдармен (оның ішінде балалармен) қолданылуға арналмаған. Балалар құрылғымен ойнамауы үшін оларды бақылау керек.
- Бұл құрылғы тек үйде пайдаланылуға арналған.
- Құрылғыны жалаң аяқ немесе қолыңыз немесе аяғыңыз ылғал болғанда ұстамаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағытқан кезде ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат тартпасын ашпаңыз.
- Ағызылған суға тимеңіз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Есікті күштеп тартпаңыз. Әйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғы бұзылып қалса, ешбір жағдайда өз бетіңізбен жөндеу мақсатында ішкі бөліктерге тиюші болмаңыз.
- Әрқашанда балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.
- Жуу циклы барысында есік қатты қызып кетуі мүмкін.
- Құрылғыны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамнан тұратын топпен жұмыс істеңіз және де өте абай болыңыз. Мұны жалғыз өзіңіз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.

Қоқысқа тастау

- Орама материалдарын қоқысқа тастау: ораманың қайта пайдаланылуы мүмкін болатындай жергілікті ережелерді орындаңыз.
- Электр және электроникалық құралдардың қалдықтарына қатысты 2012/19/EU Еуропа заңнамасына сәйкес үй құрылғылары қалыпты сортталмаған қалалық қалдық ағымымен бірге жойылмауы тиіс. заңнамасына сәйкес үй құрылғылары қалыпты сортталмаған қалалық қалдық ағымымен бірге жойылмауы тиіс. Қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін зиянның алдын ала отырып, ескі құрылғылар қайта пайдалануды және қайта өңдеуді оңтайландыру мақсатында бөлек жиналуы керек. Өнімдегі сызылған «доңғалақты қоқыс жәшік» сізге құрылғыны тастаған уақытта бөлек жиналуы туралы есіңізге салады. Ескі құрылғыларды дұрыс тастау жөнінде ақпарат алу үшін пайдаланушылар жергілікті өкілдеріне немесе сатушыларына хабарласулары керек.

Сақтау және тасымалдау шарттары

- Буып түйілген кір жуғыш машина табиғи түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс.
  Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек.
  Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек.
  Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс.
  Тиеген және түсірген кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету


KZ

Су мен токты өшіру


- Әрбір жуу циклынан кейін су шүмегін жауып отырыңыз. Бұл кір жуғыш машинаның ішіндегі гидравликалық жүйенің тозуын шектейді және су ағып кетудің алдын алуға көмектеседі.
- Кір жуғыш машинаны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.

Кір жуғыш машинаны тазалау

• Құрылғының сыртқы жақтары мен резеңкеден жасалған құрамдас бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.
• Кір жуғыш машинада ішкі бөлшектеріне арналған «Өзін-өзі тазалау» бағдарламасы бар, оны барабанға ешбір зат салмай іске қосу керек.
Бұл циклды оңтайландыру үшін кір жуғыш машинаны тазалау мақсатында жуғыш затты (қатты ластанған киімдер үшін берілген мөлшердің 10%) немесе арнайы қосымша заттарды пайдалануға болады.
Тазалау бағдарламасын әр 40 жуу циклында бір рет іске қосқан абзал.
Бағдарламаны бастау үшін **A** және **B** түймелерін бір уақытта басып 5 секунд ұстап тұрыңыз (Кестені қараңыз).
Бағдарлама автоматты түрде қосылады және шамамен 70 минут орындалады. Циклды тоқтату үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз.



Жуғыш зат тартпасын тазалау



Диспенсерді көтеріп, тарту арқылы шығарып алыңыз *(суретті қараңыз).*
Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл әрекетті жиі қайталап тұру керек.


Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету

- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін есікті әрқашан сәл ашып қою керек.


Сорғыны тазалау

Кір жуғыш машина ешбір техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының астындағы алдыңғы қорғау камерасына түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.
Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:



1. Қақпақ панелін алдымен ортасынан басу және одан кейін шығарып алынатындай оны екі жағынан ұстап төмен қарай тарту арқылы панельді шешіп алыңыз *(суреттерді қараңыз).*



2. Қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұру арқылы бұрап шығарып алыңыз (*суретті қараңыз):* кішкене су ағып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

3. Ішін жақсылап тазалаңыз.
4. Қақпақты орнына бұраңыз.
5. Құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

Судың кіріс түтігін тексеру

Кіріс түтігін кем дегенде жылына бір рет тексеріңіз. Шатынаған болса, оны дереу ауыстыру керек: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған түтік жарылып кетуі әбден мүмкін.

! Бұрын қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.

Ақаулықтарды жою

Hotpoint ARISTON

KZ

Кір жуғыш-кептіргіш машина жұмыс істемей қалуы мүмкін. Техникалық көмек көрсету орталығына хабарласпас бұрын (*«Көмек» тарауын қараңыз*), төмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты оңай шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

Ақаулық:	**Ықтимал себептері / шешімдері:**
Кір жуғыш-кептіргіш машина қосылмайды.	• Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйіспейді. • Үйде ток жоқ.
Жуу циклы басталмайды.	• Кір жуғыш-кептіргіш машина есігі дұрыс жабылмаған. • ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған. • БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған. • Су шүмегі ашылмаған. • Кешіктіріп бастау орнатылған.
Кір жуғыш-кептіргіш машина су алмайды (жуу циклының бірінші кезеңінің индикатор шамы жылдам жыпылықтайды).	• Судың кіріс түтігі шүмекке қосылмаған. • Түтік майыстырылған. • Су шүмегі ашылмаған. • Үйде су жоқ. • Қысым тым төмен. • БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған.
Кір жуғыш-кептіргіш машина сумен толып, оны ағызып тұра береді.	• Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған (*«Орнату» тарауын қараңыз)*. • Түтіктің бос шеті су астында (*«Орнату» тарауын қараңыз)*. • Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған. Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмегін жауып, құрылғыны өшіріңіз де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш-кептіргіш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуға қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.
Кір жуғыш-кептіргіш машина суды ағызбайды не сықпайды.	• Жуу циклында ағызу жоқ: кейбір жуу циклдары ағызу кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді. • "Жеңіл үтіктеу" функция қосылған: Циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз (*«Жекешелендіру»*). • Ағызу түтігі майысқан (*«Орнату» тарауын қараңыз)*. • Ағызу түтігі бітелген.
Кір жуғыш-кептіргіш машина сығу циклы барысында көп дірілдейді.	• Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған (*«Орнату» тарауын қараңыз)*. • Кір жуғыш-кептіргіш машина түзу емес (*«Орнату» тарауын қараңыз*). • Құрылғы шкафтар мен қабырғалар арасына қойылған (*«Орнату» тарауын қараңыз)*.
Кір жуғыш-кептіргіш машинадан су ағады.	• Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған (*«Орнату» тарауын қараңыз)*. • Жуғыш зат тартпасы бітелген (оны тазалау туралы нұсқауларды *«Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету»*тарауынан қараңыз). • Ағызу түтігі дұрыс бекітілмеген (*«Орнату» тарауын қараңыз*).
БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы (қызғылт сары) және функцияның индикатор шамы жылдам жыпылықтайды.	• Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз. Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.
Тым көп көбік болады.	• Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш-кептіргіш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек). • Тым көп жуғыш зат қолданылған.

Қызмет көрсету

KZ

Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:
- Ақаулықты өзіңіз шеше алатыныңызды тексеріңіз *(«Ақаулықтарды жою»* тарауын қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін бағдарламаны қайтадан бастаңыз;
- Олай болмаса, кепілдік куәлігінде берілген телефон нөмірі бойынша өкілетті Техникалық көмек беру орталығына хабарласыңыз.

! Тек уәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:
- ақаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/н).

Бұл ақпаратты кір жуғыш-кептіргіш машинаның артқы жағына бекітілген және есікті ашу арқылы құрылғының алдынан көруге болатын техникалық деректер тақтасынан табуға болады.

Изготовитель –
ЗАО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».
РОССИЯ, 398040, г. Липецк, пл. Металлургов, 2
ЗАО «ИНДЕЗИТ ИНТЕРНЭШНЛ».
Служба сервиса тел. (4742) 42-41-00
www.hotpoint.eu